

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. – Б.63-65

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Біржан Т., 1 курс студенті

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Кез келген тілдің барлық салалар бойынша терминологиясын жасау, оны біріздендіру ғылыми және қоғамдық мәні жоғары жұмыс болып табылады. Терминологияны қалыптастыру – терминкомның міндеті. Осы ретте Ә. Қайдаров былай дейді: «Мемтерминком бүкіл термин шаруашылығына толық жауап беретін, термин жасау, ауыстыру, реттеу, қалыптастыру, жариялау, қолдану сияқты ұшан-теңіз жұмысты ұйымдастырушы, үйлестіруші, бағдарлаушы, бақылаушы, үкімет тарапынан қаржыландырылған, тұрақты мемлекеттік ресми орган сияқты статусы белгіленіп, қайта құрылу керек»[1].

Қазақ терминологиясы XX ғасырдың басында арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастырыла бастады. Ғ. Мұсабаевтың пайымдауынша, ғылыми терминология элементтері Қазан революциясына дейін болған.

Қазақстанда терминология мәселесімен алғаш рет 1925-1935 жылдары Қазақ ССР Оқу Халық Комиссариаты жанындағы Методикалық бюро айналысты, оған бұл кезеңде арнаулы терминологиялық комиссия басшылық етті.

1933 жылы Халық комиссарлар кеңесінің №508 Қаулысымен құрылған Мемлекеттік терминология комиссиясының тұңғыш төрағасы профессор Қ. Жұбанов болды, ал комиссия мүшелері ретінде Асфандияров Б.К., Бірімжанов Б.А. еңбек етті. 1935 жылы Мемлекеттік терминологиялық комиссиясының жұмысы нәтижесінде, қазақ тіліндегі терминдердің дұрыс айтылуына және қоғам тарапынан қабылдануына ықпалын тигізген іс-шараның бірі Қ. Жұбановтың қазақ әліпбиінің құрамына «ф»,

«х» дыбыстарын қосуы болып табылады. Себебі «физика», «философия», «флора», «химия» тәрізді терминдердің бұдан бұрынғы жазылу кейпі «пизика», «пилософия», «плора»,

«қимия» түрінде болатын. Қазақ жазу тарихына зер салсақ, латын әліпбиінен орыс жазуына ауысуда да бұл терминком қызметкерлерінің орасан зор еңбегін көреміз. Халықаралық кірметерминдерді «я», «э», «ц», «ч» дыбыстарынсыз өрнектеу қиын. Аталған дыбыстарды қазақ жазуына бейімдеу нәтижесінде көптеген терминдердің айтылуы мен жазылуы біріздендірілді.

Мемлекеттік терминологиялық комиссия жұмысы Ұлы Отан соғысы болған кезеңде біраз тоқтап тұрды.

1945 жылы мемлекеттік терминком қайта бекітіліп, аталған ұйымның төрағасы әуелі І.О. Омаров, одан кейін Т. Т. Тәжібаев болды.

1951 жылы басылып шыққан «Атаулар сөздігі» сол жылдар жемісі деуге болады.

Қазақ ССР ғылым академиясы Тіл білімі институты терминком мәселесін мемлекеттік деңгейде қарастырды, теориялық-практикалық мәселелерді қозғады.

- 1962 жылы 170-тей халық пен ұлттың есімдеріталданды.
- 1963 жылы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» жарық көрді.
- 1969 жылы Алматыдағы көше атаулары талқыланды.
- 1976 жылы терминкомның жаңа құрамын бекітіліп, оның төрағасы болып Ш.Ж. Жәнбеков белгіленді.

1984 жылы Мемлекеттік терминологиялық комиссия ның жаңа құрамы қайтадан бекітілді. Мамандардың сараптауынан өткізілген терминдер мен терминологиялық сөздіктер жәнеоқулықтар Тіл білімі институтықұрамындағы Ғылыми кеңестің қарауына жіберілді.

Ғылыми кеңестің ұсынылған терминдердің «қазақ тілінің өзіне тән заңдылықтары бойынша жасалды ма?», «қазақша жатық па?», «терминдерінің мәні дәл ме?», «бекітілген терминдердің күнделікті практикадағы қолданысы қалай?» деген сұрақтардың жауабын табуды көздейді.

1960-70 жылдары қазақ терминологиясын жасау, қалыптастыру жұмысына атсалысқанғалымдар қатарында Қ. Сағындықов, С. Кеңесбаев, М. Балақаев, Ә. Қайдаров, С. Бейішов, Б. Бірімжанов, К. Шәріпов, Ә. Қарағұлов, С. Жәутіков, Т. Мұсақұлов, М. Қаратаев, Ә. Сатыбалдиев, І. Жарылғапов, Ж. Смағұлов, Ә. Әбдірахманов, Р. Бөкейханов және т.б. болды [2, 9]. Кеңес Үкіметі халықтарына ортақ терминдерді жасау – сол заманда терминологияны қалыптастыруда басшылыққа алынған негізгі қағида болды.

Алайда 1990 жылдан бастап, яғни Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, халық өмірінде саяси-экономикалық өзгерістер түбегейлі орын алды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды, сәйкесінше мемлекеттік қызметті мемлекеттік тілде жүргізу міндеті алға шықты. Соған сәйкес Мемлекеттік терминологиялық комиссия ның құрамы және оның атқарған жұмыстарының сапалық деңгейі де өзгерді.

1990-2003 жылдары терминком құрамы бірнеше рет өзгертілді, ал әр жылы бекітілген терминдер тізімі баспасөз беттерінде жарияланды. Терминкомның бұл кезеңде атқарған жұмысының нәтижесі ретінде кейбір терминдердің төмендегідей тізімін ұсынуға болады:

Мемлекеттік терминологиялық комиссия 1990-2001 жылдары бекіткен терминдер: *цитата – дәйексөз; юбилей – мерейтой, мүшелтой; юбиляр – мерейгер; некролог – қазанама* [3; 411].

Мемлекеттік терминологиялық комиссия 1992 жылы бекіткен терминдер: *пособие – жәрдемақы; универсал - әмбебап; самолет – ұшақ, приватизация – жекешелендіру; бар-тер – баспабас; гвардия – ұлан* [3, 415].

Мемлекеттік терминологиялық комиссия 1997 жылы бекіткен терминдер: *репатриант* – оралман; *пристав* – жасауыл [3, 428].

Мемлекеттік терминологиялық комиссия 1998 жылы бекіткен терминдер: *строй* – сап; *колонна* – лек; *команда* – пәрмен; *становись* – саптал; *смирно* – тіктел; *кругом* – айнал; *солдат* – сарбаз; *воин* – жауынгер, *архив* – мұрағат; *гармония* – үйлесім; *дом-музей* – мұражай; *прикладное искусство* – қолданбалы өнер; *притча* – тәмсіл; *фабула* – желі; *цикл* – топтама [3; 439-445].

Мемлекеттік терминологиялық комиссия 1999 жылы бекіткен терминдер: *гибель в огне* – өртте опат болу; *теплоотдача* – жылу бергіштік; *факел* – алау, *аудиовизуальная запись* – дыбыс-бейне жазбасы; *международный договор* – халықаралық шарт; *иск* – іздеу; *оптимальный* – оңтайлы, ең қолайлы; *опрос* – сұрау-салу; *фаза* – саты, кезең; *этап* – кезең [3, 453].

Мемлекеттік терминологиялық комиссия 1999 жылы бекіткен терминдер: *база* – 1. база; 2. негіз; 3. қор; 4. қойма; *класс* – 1. тап; 2. сынып [3, 462].

Мемлекеттік терминологиялық комиссия 2003 жылы бекіткен терминдер: *контекст* – мәнмәтін; *нулевая флексия* – нөлдік қопарма; *текст* – мәтін; *текстология* – мәтінтаным; *синекдоха* – меңзем; *окказионализм* – тосын сөз; *сатира* – сықақ; *декла-мировать* – тақпақтап оқу; *классификация* – сыныптау; *морфологический* – принцип – морфологиялық қағидат, т.б. [4, 8].

Қорыта келгенде, 1990 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін термин жасаудың бұрынғы дәстүрлері өзгерді. Терминологияны қалыптастыруда ұлт тілінің мүддесі бірінші орында тұруы керек. Терминологияны қалыптастыру ісінде терминжасамға негіз болған әр түрлі лексикалық қабаттар, терминжасамның басты қағидалары мен әдіс-тәсілдері сияқты алғышарттар негізге алынды. Алайда соңғы жылдары көп варианттылық белең алып, терминдердің дәлдік, нақтылық, қысқалық белгілері ескерілмей, термин жасау процесінде бейберекетсіздікке жол берілді. Әр ұғымның айрықша белгісін білетін салааралық мамандар өзінше термин жасап, өз терминін қолдануға тиісті емес. Қазақ тілі мамандары арасында жаңадан жасалған терминдер жайында пікір алшақтығы байқалады. Әрине жаңадан жасалған терминдер құлаққа тосындау естіледі. Мамандардың бір тобы қолданыста бұрыннан бар орыс тілінің варианттарын кәдеге жаратып жүрміз десе, енді бір тобы жаңа жасалған терминдерді бірден қолдап жатады. Ғалым Құрманбайұлы Шерубайөзінің «Қазақ лексикасының терминденуі» атты монографиясында жазып кеткендей: «Егер белгілі бір ұлттың тілі қоғамдық өмірдің қандай да бір саласындағы қызметін атқара алмай жатса, ол үшін тілді кінәлау мүлде дұрыс емес. Оның себептерін сол тілдің дамуына мүмкіндік бермей отырған қоғамнан іздеу немесе өз тілін

қажетті деңгейде дамытып, тиісті салада қолдана алмаған ұлттың өзінен көргені жөн»[5,45].Тіл – қоғамдық, тарихи, табиғи құбылыс болғандықтан, ол үнемі өзгеру, даму үстінде. Қоғамда болып жатқан өзгерістерді біз қалай қабылдасақ, сол сияқты тілде болып жатқан ғылыми жаңалықтар мен жаңа заңдылықтарды солай қабылдап жатамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.
- 2 Айтбаев А.Ө. Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы, 1986. – 161 бет.
- 3 Нұрмаханов А. Терминологиялық жинақ. – Алматы, 2002. – 472 бет.
- 4 Казахстанская правда. // Термины, утвержденные 24 декабря 2003 года на заседании Гостерминком при Правительстве РК. – 2003. – 30 января, – 8 с.
- 5 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 бет.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., Бичсмильдина Д.Д.